



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ



Бекітемін
Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ
«Жоғары медициналық
колледжі» КМК
директоры

Ж.М.Молдакулов
«17» 06 2026 ж.

Қабылдау комиссиясының отырысында қаралған және бекітілген
«17» 06 2026 ж. № 01 хаттама

№ 01/01-02 іс номенклатурасы бойынша	Тіркеу № 145 «17» 06 2026 ж. Дана., бет. 12
Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК 2026–2027 оқу жылына қабылдау ережесі	
Өзірленген: Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы <u>Каштаева</u> Ш.Е. Каштаева	

Алматы, 2026 ж.



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК оқуға қабылдау Ережелері (бұдан әрі – Колледж) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерін, сондай-ақ облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарын қоспағанда, оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Осы Колледжге оқуға қабылдау Ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Колледжге қабылдау тәртібін айқындайды және қабылдау процесінің ашықтығын, әділдігін және заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді, сондай-ақ рұқсат беру критерийлерін, құжаттарды тапсыру мерзімдерін, қабылдау емтихандарын, оқуға қабылдау мен мемлекеттік қызметтердің сапа стандарттарының сақталуын реттейді.

2. Колледжге Қазақстан Республикасы азаматтары, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар, сондай-ақ білім туралы құжаты (аттестат) бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар қабылданады.

Басқа шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі бағдарламаларды іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылданады, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес.

3. Колледжге оқуға түсушілер үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №261 «Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау кезіндегі қабылдау квотасының мөлшерлерін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген және 23.07.2024 жылғы №189 өзгерістерімен қабылдау квоталары көзделген:

- 1) I немесе II топ мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар – 10 %;
- 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыстарға қатысқан жауынгерлік әрекет ардагерлері және Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне жеңілдіктер бойынша теңестірілген ардагерлер – 0,5 %;
- 3) ауылдық жастардан әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға – 35 %;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтының өкілдері – 4 %;
- 5) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған Қазақстан Республикасы азаматтары – 1 %;
- 6) Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударушы ауылдық жастар арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтары – 5 %;
- 7) құрамында кәмелетке толмаған төрт және одан да көп баласы бар отбасылардың балалары – 5 %;
- 8) кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар балалар – 1 %;
- 9) бала кезінен мүгедек балаларды, I немесе II топтағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардың балалары – 5 %;
- 10) мерзімді әскери қызметін өтеген Қазақстан Республикасы азаматтары – 1 %.



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

**2. ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНДАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ**

4. Оқуға өтініштерді қабылдауды, қабылдау емтихандарын өткізуді және білім алушылар қатарына қабылдауды ұйымдастыру үшін директордың бұйрығымен так санды мүшелерден тұратын Қабылдау комиссиясы құрылады.

5. Қабылдау комиссиясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру саласындағы қаулыларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін, әдістемелік ұсыныстарды және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің басқа да нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

6. Қабылдау комиссиясының құрамына жұмыс берушілердің, ата-аналардың, студенттік қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді.

7. Комиссия мүшелері арасынан жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

8. Қабылдау комиссиясының төрағасы – Колледж директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға.

9. Қабылдау комиссиясы мен техникалық хатшылардың жұмысын ұйымдастыруды жауапты хатшы жүзеге асырады, ол азаматтарды қабылдайды, қабылдау мәселелері бойынша жазбаша сауалдарға жауап береді, ақпараттық материалдарды жариялауға дайындайды, әңгімелесулерді, емтихан алдындағы консультацияларды, психометриялық тестілеуді және арнайы емтихандарды ұйымдастырады, талапкердің жеке кодын (ТЖК) кодтау және декодтау жұмыстарын жүргізеді.

10. Қабылдау комиссиясының шешімдері оның отырысына мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып табылады және қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Хатшы комиссия мүшесі болып табылмайды.

11. Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында хаттама жасалып, ол Колледж архивінде кемінде үш жыл сақталады.

12. Карантин, әлеуметтік, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде Қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы жүргізіледі.

13. Қабылдау ережелері, психометриялық тестілеу мен қабылдау емтихандарының кестесі және нәтижелері туралы ақпарат Колледждің ресми www.medcollege.kz сайтында орналастыру арқылы талапкерлерге уақытылы хабарланады.

14. Колледжге оқуға өтініштер мен құжаттарды қабылдау мерзімі:

- 1) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша – негізгі орта білім базасында 2026 жылғы 25 маусымнан 10 тамызға дейін; жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім базасында 2026 жылғы 25 маусымнан 15 тамызға дейін;
- 2) ақылы негізде – 2026 жылғы 25 маусымнан 25 тамызға дейін.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті алушы:

- 1) Қазақстан Республикасының орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін "электрондық үкімет" веб-порталында (бұдан әрі – Портал);
- 2) білім беру ұйымдарын өткен жылдары бітірген, білім туралы құжаттары цифрландырылмаған түлектер, шетелдік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін, сондай-ақ қылмыстық-



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандар үшін ТжКОББ ұйымдарында (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) алады.

Порталда техникалық ақау болған жағдайда, құжаттарды қабылдау білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары айқындаған ақпараттық жүйені пайдалана отырып жүзеге асырылады.

16. Негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар азаматтар Колледжге жеке өтініші негізінде қабылданады.

17. Құжаттарды тапсыру кәметке толған тұлғалар жеке өзі, кәметке толмаған тұлғалар үшін заңды өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

18. Портал арқылы құжат тапсырған жағдайда қызмет алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету сұрауының қаралу мәртебесі туралы ақпарат бейнеленеді.

19. Өтініш беру кезінде ұсынылатын құжаттар тізімі:

Портал арқылы тапсырған жағдайда:

✓ қызмет алушының ата-анасының (немесе өзге де заңды өкілінің) қызмет алушының нақты тұрғылықты мекенжайын көрсетіп, ЭЦҚ арқылы куәландырылған электрондық құжат түріндегі өтініші;

✓ білім туралы құжаттың электрондық нұсқасы;

✓ №075-У нысанындағы электрондық медициналық анықтама, I немесе II топ мүгедектері және бала кезінен мүгедектер үшін №031-У нысанындағы медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы;

✓ арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдшерлік қызмет, әскери қызметшілер мен қызметтік міндетін атқару кезінде жарақат (жаралану, зақымдану, контузия) алып қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мүгедектігі белгіленген медициналық қызметкерлердің балалары (соның ішінде асырап алынғандар, тәрбиеленушілер, бірге тұратын өгей балалар) мәртебесін растайтын электрондық құжат;

✓ 3x4 см өлшеміндегі цифрлық фотосурет;

✓ жеке басты куәландыратын құжат, білім туралы құжат, медициналық анықтамалар, қызмет алушының мәртебесін растайтын құжат туралы мәліметтерді қызмет көрсетуші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда қызмет алушыға ЭЦҚ арқылы куәландырылған электрондық құжат түріндегі мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраудың қабылданғаны туралы хабарлама «жеке кабинетке» жолданады.

Колледжге тікелей тапсырғанда:

✓ Құжаттарды қабылдау туралы өтініш;

✓ Білім туралы құжаттың түпнұсқасы (аттестат, куәлік, диплом);

✓ №075-У нысанындағы медициналық анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ–175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген);

✓ I немесе II топтағы мүгедектер және бала кезінен мүгедектер үшін №031-У нысанындағы медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы (ҚР ДСМ–175/2020 бұйрығымен бекітілген);

✓ 3x4 см өлшеміндегі 6 фотосурет;

✓ Жеке басты куәландыратын құжат (жеке куәлік, паспорт немесе туу туралы куәлік) – түпнұсқа түрінде;

✓ Еңбек өтілі бар тұлғалар үшін – еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

✓ Квотаға үміткерлер үшін – растайтын құжаттар (мысалы, мүгедектік туралы анықтама, оралман куәлігі және т.б.);

✓ Арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдшерлік қызмет, әскери қызметшілер мен қызметтік міндетін атқару кезінде жарақат (жаралану, зақымдану, контузия) алып қайтыс болған (қаза тапқан) немесе мүгедектігі белгіленген медициналық қызметкерлердің балаларын (соның ішінде асырап алынған, тәрбиеленуші, бірге тұратын өгей балалары мен қыздарын) растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

✓ Екпе картасы (065-У нысаны);

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін тұрғылықты жері бойынша тіркелуі бар мәртебесін айқындайтын құжат:

- шетел азаматы – Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат (заңды өкілінің);
- азаматтығы жоқ адам – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- босқын – босқын куәлігі;
- пана іздеуші – пана іздеуші тұлға куәлігі;
- қандас – қандас куәлігі.

09130100 «Мейіргер ісі» мамандығы, 5A09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігі бойынша жүгінген кезде ұсынылатын құжаттар тізімі:

✓ Құжаттарды қабылдау туралы өтініш;

✓ Қосымшасы бар бейінге сәйкес техникалық және кәсіптік білім туралы дипломның түпнұсқасы;

✓ №075-У нысанындағы медициналық анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ–175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген);

✓ I немесе II топтағы мүгедектер және бала кезінен мүгедектер үшін №031-У нысанындағы медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы (ҚР ДСМ–175/2020 бұйрығымен бекітілген);

✓ 3х4 см өлшеміндегі 6 фотосурет;

✓ Жеке басты куәландыратын құжат (жеке куәлік, паспорт немесе туу туралы куәлік) – түпнұсқа түрінде;

✓ Еңбек өтілі бар тұлғалар үшін – еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі және мамандық бейіні бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілін растайтын жұмыс орнынан анықтама;

✓ Квотаға үміткерлер үшін – растайтын құжаттар (мысалы, мүгедектік туралы анықтама, оралман куәлігі және т.б.);

✓ Арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдшерлік қызмет, әскери қызметшілер мен қызметтік міндетін атқару кезінде жарақат (жаралану, зақымдану, контузия) алып қайтыс болған (қаза тапқан) немесе мүгедектігі белгіленген медициналық қызметкерлердің балаларын (соның ішінде асырап алынған, тәрбиеленуші, бірге тұратын өгей балалары мен қыздарын) растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

20. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды (адамдарды) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау талапкердің немесе оның заңды өкілінің өтініші негізінде дәрігерлік-консультациялық комиссияның және медициналық-әлеуметтік сараптаманың ұсынымдары мен қарсы көрсетілімдері ескеріле отырып, тиісті мамандықтар мен біліктіліктер бойынша жүзеге асырылады.



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА КАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

21. Құжаттар Портал арқылы тапсырылған кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету туралы сұрау салудың қаралу мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама орналастырылады. Қабылдау комиссиясы құжаттар пакетін қабылдауды, журналға тіркеуді және құжаттар пакетін қабылдау туралы қолхат беруді өтініш түскен күні №1 қосымшаға сәйкес жүзеге асырады.

22. Портал арқылы толық емес және (немесе) мерзімі өткен құжаттар ұсынылған жағдайда Колледж уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында негізді бас тартуды қызмет алушының «жеке кабинетіне» жібереді.

Бас тарту үшін негіздер:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті материалдар, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады;
- 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;
- 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

23. Өтініште көрсетілген мемлекеттік қызметтердің нәтижелері техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымына оқуға қабылдау қорытындысы бойынша ұсынылады.

24. Талапкерлердің өтініштері «Білім берудің бірыңғай деректер қоры» (бұдан әрі – ББДҚ) ақпараттық жүйесінде тіркеледі.

3. КАБЫЛДАУ ЕМТИХАНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

25. Психометриялық тестілеу мен арнайы емтиханды өткізу үшін құрамына Колледждің әлеуметтік серіктестердің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіретін емтихан комиссиясы құрылады.

26. Комиссия төрағасы емтихан комиссиясы мүшелерінің арасынан көпшілік дауыспен сайланады. Емтихан комиссиясының құрамы Колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.

27. Емтихан комиссиясының шешімдері отырысқа мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып табылады және қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Хатшы емтихан комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

28. Емтихан комиссиясының қорытынды отырысында аудио немесе бейне жазба жүргізіледі, ол колледж архивінде кемінде бір жыл сақталады.

29. Негізгі орта, жалпы орта білімі бар талапкерлер үшін кәсіби жарамдылығын анықтау мақсатында осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес психометриялық тестілеу, Ереженің 3-қосымшасына сәйкес арнайы емтихан өткізіледі.

30. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар және мамандығы бейіні бойынша медициналық мамандықтарға түсушілер үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып эссе жазу түрінде арнайы емтихан өткізіледі. Эссенің тақырыбы, жазу талаптары және бағалау критерийлері Колледждің емтихан комиссиясымен айқындалады.



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

31. Арнайы емтихан және психометриялық тестілеу мемлекеттік тапсырыс бойынша түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін, негізгі орта және жалпы орта білім негізіндегі ақылы негізде түсушілер үшін 2026 жылдың 25 тамызы аралығында өткізіледі.

32. Психометриялық тестілеу «Денсаулық сақтау» бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің ұсынымдарына сәйкес өткізіледі.

33. Арнайы емтихан және психометриялық тестілеу өткізілетін аудиторияға талапкер жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде ғана жіберіледі.

34. Психометриялық тестілеу және/немесе арнайы емтихандар өткізу кезінде:

- 1) психометриялық тестілеу «Жіберілді»/«Жіберілмеді» түрінде бағаланады;
- 2) арнайы емтихан «2», «3», «4», «5» бағаларымен бағаланады;
- 3) «жіберілмеді» немесе қанағаттанарлықсыз баға алған тұлғалар конкурсқа жіберілмейді.

35. Арнайы емтихан нәтижелері бағалау ведомосымен ресімделеді. Арнайы емтихандар, психометриялық тестілеу және әңгімелесу кезеңінде аудио-, бейнежазба жүргізіліп, архивте кемінде бір жыл сақталады.

36. Арнайы емтихан және психометриялық тестілеу нәтижелері емтихан мен тестілеу аяқталғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланып, Колледждің ақпараттық стендтеріне және ресми сайтына орналастырылады.

37. Арнайы емтихан, психометриялық тестілеу және әңгімелесу нәтижелерін бағалау кезінде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, сондай-ақ талапкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Колледж директорының бұйрығымен Апелляциялық комиссия құрылады.

38. Апелляциялық комиссия тақ санды мүшелерден тұрады. Комиссия құрамы Колледж оқытушыларынан қалыптастырылады. Әр пән бойынша кемінде екі адам болуы тиіс. Апелляциялық комиссия құрамынан көпшілік дауыспен төраға сайланады. Хатшы Апелляциялық комиссия мүшесі болып табылмайды.

39. Емтихан нәтижелерімен келіспейтін тұлға апелляцияға өтініш бере алады. Апелляцияға өтініш емтихан нәтижелері жарияланған күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін Апелляциялық комиссияға беріледі және өтініш түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қатысуымен қаралады.

40. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып табылады. Шешім комиссия отырысына қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссия жұмысы хаттамалармен рәсімделеді және оларды комиссия төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды.

41. Арнайы емтиханның және психометриялық тестілеудің нәтижелерін Колледж мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға арналған конкурсқа (бұдан әрі – Конкурс) қатысу үшін Білім берудің бірыңғай деректер қорының (ББДҚ) ақпараттық жүйесіне жолдайды.

42. Психометриялық тестілеу нәтижесі бойынша «Жіберілді» қорытындысын және арнайы емтиханнан «3», «4» немесе «5» бағаларын алған талапкерлер Конкурсқа жіберіледі.

43. Байқау «электрондық үкімет» веб-порталында білім туралы құжаттағы міндетті және бейіндік пәндер бағаларының (баллдарының) орташа балына, сондай-ақ арнайы емтихан мен психометриялық тестілеу нәтижелеріне және қабылдау квотасына сәйкес автоматтандырылған болу арқылы өткізіледі.

44. Конкурс ББДҚ арқылы қабылдау квотасын ескере отырып, Колледж өткізген арнайы емтихан нәтижелері мен білім туралы құжаттағы міндетті және бейіндік пәндердің орташа балы (бағалары) негізінде талапкерлерді автоматтандырылған түрде бөлу арқылы өткізіледі.



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

45. Талапкерлерді автоматтандырылған түрде бөлуді ББДҚ ақпараттық жүйесі жүзеге асырады, ал Порталдың және (немесе) ББДҚ-ның техникалық ақауы болған жағдайда жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері пайдаланылады.

46. ББДҚ автоматтандырылған түрде бөлудің қорытындыларын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау үшін білім басқармаларына жолдайды.

47. Білім басқармалары негізгі орта білім базасында оқуға түсетіндер арасында Конкурс нәтижелерін күнтізбелік жылдың 18 тамызында, ал жалпы орта білім негізінде және ТЖКБ негізінде оқуға түсетіндер үшін 20 тамызында өздерінің ресми интернет-ресурстарында жариялайды.

Талапкерлерді 1414 Порталдың Бірыңғай байланыс орталығы арқылы SMS-хабарламалар жіберу арқылы хабардар етеді.

48. Колледж білім алушылары қатарына қабылдау Қабылдау комиссиясы хаттамасы негізінде директордың бұйрығымен күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін жүргізіледі.

49. Қабылдау нәтижелері туралы ақпарат талапкерлерге 31 тамызға дейін Қабылдау комиссиясы арқылы Колледждің ресми сайтында орналастыру арқылы жеткізіледі.

50. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелерді Колледждің қабылдау комиссиясы дербес шешеді.



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ.ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК
2026-2027 оқу жылына қабылдау ережесіне
№1 қосымша

ҚОЛХАТ №

тіркеу журналы бойынша (қолмен толтырылады)

мынаны растайды, яғни

мамандығы _____

біліктілігі _____
(код-атауы)

төмендегі құжаттар қабылданды:

1. ☐ Өтініш;
2. ☐ Медициналық анықтама № 075-У;
3. ☐ Медициналық анықтама № 063-У;
4. ☐ 6 фотосурет 3х4;
5. ☐ Аттестат, диплом қосымшасымен № _____ “ ____ ” _____ ж. және оның көшірмесі;
6. ☐ Білім беру қызметтерін көрсету шарты;
7. ☐ Жеке куәлік көшірмесі;
8. ☐ ЖСН;
9. ☐ Басқа _____;

Қолхат жоғалған жағдайда талапкер бұл туралы колледждің Қабылдау комиссиясына дереу хабарлауы тиіс.

Техникалық хатшы қабылдады: _____

Күні: _____ 202 _____ ж. (Қолы) (Т.А.Ж)



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

ҚОЛХАТ №
тіркеу журналы бойынша (қолмен толтырылады)

мынаны растайды, яғни

мамандығы _____

біліктілігі _____
(код-атауы)

төмендегі құжаттар қабылданды:

1. ☐ Өтініш;
2. ☐ Медициналық анықтама № 075-У;
3. ☐ Маман сертификаты (Мейіргер ісі);
4. ☐ 6 фотосурет 3х4;
5. ☐ Диплом қосымшасымен № _____ “___” _____ ж. және оның көшірмесі;
6. ☐ Білім беру қызметтерін көрсету шарты;
7. ☐ Жеке куәлік өкшірмесі; ЖСН;
8. ☐ Еңбек кітапшасының көшірмесі, кадр бөлімімен расталған (бейін бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар болуы қажет);
8. ☐ Жұмыс орнынан анықтама
9. ☐ Басқа _____;

Қолхат жоғалған жағдайда талапкер бұл туралы колледждің Қабылдау комиссиясына дереу хабарлауы тиіс.

Техникалық хатшы қабылдады: _____

Күні: _____ 202_____ ж. (Қолы) (Т.А.Ж)

**Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры үшін*



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ.ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК
2026-2027 оқу жылына қабылдау ережесіне
№2 қосымша

**Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК талапкерлер үшін
Кәсіби бейімділігін анықтауға арналған психометриялық тестілеуді өткізу**

Мамандығы
Мамандығы : 09120100 «Емдеу ісі» <i>Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»</i>
Мамандығы : 09130200 «Акушер ісі» <i>Біліктілігі: 4S09130201 «Акушер»</i>
Мамандығы : 09130100 «Мейіргер ісі» <i>Біліктілігі: 3W09130102 «Массажист»</i>
Мамандығы : 09130100 «Мейіргер ісі» <i>Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»</i>
Мамандығы : 09880100 «Медициналық-профилактикалық іс» <i>Біліктілігі: 4S09880101 «Гигиенист – эпидемиолог»</i>
Мамандығы : 09130100 «Мейіргер ісі» <i>Біліктілігі: 5A09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»</i>
Мамандығы: 09140100 «Лабораториялық диагностика» <i>Біліктілігі: 4S09140101 «Медициналық лаборант»</i>
Мамандығы : 09160100 «Фармация» <i>Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»</i>
Мамандығы : 09110100 «Стоматология» <i>Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»</i>
Мамандығы : 09110200 «Ортопедиялық стоматология » <i>Біліктілігі: 4S09110201 « Тіс технигі»</i>



2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ.ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК
2026-2027 оқу жылына қабылдау ережесіне
№3 қосымша

**Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК талапкерлер үшін
арнайы емтихан өткізуге арналған бейіндік пәндердің тізбесі**

Мамандығы	Бейіндік пән
Мамандығы : 09120100 «Емдеу ісі» <i>Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»</i>	Биология
Мамандығы : 09130200 «Акушер ісі» <i>Біліктілігі: 4S09130201 «Акушер»</i>	Биология
Мамандығы : 09130100 «Мейіргер ісі» <i>Біліктілігі: 3W09130102 «Массажист»</i>	Биология
Мамандығы : 09130100 «Мейіргер ісі» <i>Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»</i>	Биология
Мамандығы : 09880100 «Медициналық-профилактикалық іс» <i>Біліктілігі: 4S09880101 «Гигиенист – эпидемиолог»</i>	Биология
Мамандығы: 09140100 «Лабораториялық диагностика» <i>Біліктілігі: 4S09140101 «Медициналық лаборант»</i>	Биология
Мамандығы : 09160100 «Фармация» <i>Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»</i>	Химия
Мамандығы : 09110100 «Стоматология» <i>Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»</i>	Биология
Мамандығы : 09110200 «Ортопедиялық стоматология » <i>Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»</i>	Биология